

## Ресми ізгілік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 203 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының әкіміне Беслан қаласындағы (Ресей Федерациясы) қайғылы оқиға құрбандарына мемориал орнату үшін қордай тасын (гранитін) сатып алуға және жеткізуге ресми ізгілік көмек көрсету ретінде 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 12906400 (он екі миллион тоғыз жүз алты мың төрт жүз) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Жамбыл облысының әкімі осы қаулыға сәйкес бөлінген қаражат есебінен Ресей Федерациясының Солтүстік Осетия - Алания Республикасына 340 текше метр қордай тасын (гранитін) сатып алу және жөнелту жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

3. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес "Қордай-Тау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қордай тасын (гранитін) беруші болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық арналар арқылы Ресей Федерациясы және Солтүстік Осетия - Алания үкіметтерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми ізгілік көмек көрсетуі туралы хабардар етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*